«6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Кожабергенова Гаухар Есенбаевнаның

«Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері» атты диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Бүгінгі таңда әлеуметтік және экономикалық саладағы белсенді инновациялық үдерістер жағдайында заманауи білім беру, инновациялық іс-әрекеттерге қабілетті, жоғары деңгейдегі сапалы педагог кадрларды даярлау өзектілігі артуда.

Қазақстанда «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша маман даярлауда оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету білім алушыларға оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтитын әртүрлі білім беру бағдарламаларына сәйкес жүргізілуде. Осыған орай, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмыстарын ғылыми негіздеу, нақты өлшемдер арқылы оқу-әдістемелік құжаттардың сапасын бағалау тетіктерін әзірлеу қажеттілігі туындады.

Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге қатысты халықаралық зерттеу бағдарламалары бойынша өзге мемлекеттің білім беру жүйесі мен онда жүргізіліп жатқан қазіргі заманғы реформалардың тәжірибесін зерттеуге қызығушылық тууда. Әлеуметтік педагогтарды педагогикалық процестің жаңа бағыттарына сәйкес кәсіби қабілетін және мамандардың біліктілігін арттыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін дамытуды зерттеу мәселесін анықтап, диссертация тақырыбын «**Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері**» деп бекіткен.

Осы орайда, Кожабергенова Гаухар Есенбаевнаның «6D012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға ұсынған *«Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері»* атты диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге негіз бар.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1.Университеттік білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің шетелдік және отандық тәжірибесіне, педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі зерттеулерге сүйене отырып, «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымдарының анықтамасы нақтыланған.

2.Болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу мазмұнын жобалауға мүмкіндік беретін жүйелік, мәдени, тұлғаға-бағдарлық, ақпараттық, квалиметриялық көзқарас сипатталып, сонымен қатар зерттеу тақырыбына қатысты оларды болжамдаудың әдістемелік қағидалары ашылған;

3.Болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негізі ретінде мұғалімнің дидактикалық жобалаудағы қызметі және оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруге бағытталған педагогикалық мониторингін ұйымдастыру негізделген;

4.Болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің бағалау өлшемдері ұсынылған.

3.Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

3.1.*Бірінші нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі,* автордың зерттеу жұмысы аясында философиялық, педагогикалық, психологиялық, саясаттану, тарих салаларындағы еңбектерді зерделеу және зерттеудің жүйелік, құрылымдық, аксиологиялық, параметрлік тұғырларын қолдана отырып, «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымын нақтылауы және бұл ұғымдарға ғылыми теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама беруімен дәлелденген. Бұл педагогика ғылымында болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің теориясын толықтыруда қолданылу ұсынылған.

3.2.*Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* ізденушінің болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу мазмұнын жобалауға мүмкіндік беретін жүйелік, мәдени, тұлғаға-бағдарлық, ақпараттық, квалиметриялық көзқарасты мазмұндық сипаттама бере алуынан көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты оларды болжамдаудың әдістемелік қағидалары ашылған;

3.3.*Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* Болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негізі ретінде мұғалімнің дидактикалық жобалаудағы қызметі және оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін

ескеруге бағытталған педагогикалық мониторингті ұйымдастыруымен негізделген;

3.4.*Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* Болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің бағалау өлшемдері ұсынылған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Кожабергенова Гаухар Есенбаевнаның «Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері» мәселесі аясында жүргізген зерттеу жұмысының әрбір ғылыми нәтижесіне жаңалық тән деп есептеймін, себебі білім саясаты Қазақстан білім кеңістігінде зерттелініп жатқан күрделі, әрі көпқырлы мәселелердің бірі.

4.1.*Бірінші ғылыми нәтиже жаңа.* Себебі, докторант зерттеу жұмысы аясында философиялық, педагогикалық, психологиялық, саясаттану, тарих салаларындағы еңбектерді зерделеу нәтижесінде «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымының мәні мен мазмұнын толық ашып, «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымдары нақтыланған.

4.2. *Екінші ғылыми нәтиже жаңа.* Өйткені, зерттеудің теориялық әдістерін пайдалану, Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі аясындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерін талдау негізінде жүзеге асырылуы мен даму деңгейіне, яғни, Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасына мазмұндық сипаттама берілген.

4.3. *Үшінші ғылыми нәтиже жаңа.* Бұнда, болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негізі ретінде мұғалімнің дидактикалық жобалаудағы қызметі және оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруге бағытталған педагогикалық мониторингті ұйымдастыру қажеттілігі негізделген.

4.4.*Төртінші ғылыми нәтиже жаңа.* Себебі, ізденуші салыстырудың критерийлері мен параметрлерін толықтыруда параметрлік және аймақтық тәсілдерді қолданған және осының негізінде мемлекеттік деңгейдегі көрсеткіштер ретінде: білім беру жүйесінде заңнамалық базаның болуы; заңдардың құрылымы; білім беру мақсаттары мен міндеттері; білім беруді басқару стратегиялары мен принциптерінің сабақтастығы; білім беру мазмұнына ұлттық дәстүрлерді көрсетуі; білім берудің тәрбие стратегиялары; оқу және тәрбие үдерісінің бірлігі; стратегиялық даму жоспарларының болуын және т.б. бөліп көрсеткен.

5.Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, зерттеу жұмысының әдіснамалық тұғырлары, сонымен қатар зерттеу жұмысында «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» аясындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріне жасалынған талдаулар орта білім берудің теориясы мен практикасы үшін өте маңызды. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау үрдісінде қолдануға болады. Ізденушінің әзірлеген «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының магистратура және докторантура білім алушыларына арналған «Болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету негіздері» тақырыбындағы монографиясын педагогикалық мамандарды кәсіби даярлау үрдісінде қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері, қорытындысы докторанттың монографиясында, 8 ғылыми мақалаларында, соның ішінде, Scopus базасына енетін импакт факторы бар ғылыми журналда – 1 мақалада, ҚР БҒМ білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақалада, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 2 мақалада, және алыс шетел журналдарында – 2 мақалада көрініс тапқан.

Барлық мақалалар ғылыми талаптарға сай келіп, қазіргі әлеуметтік ғылымдар саласында өзекті болып есептелетін мектептік саясат аясында жазылған.

7.Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, диссертацияның орындалуына байланысты туындаған кейбір сұрақтар мен ескертулерге ізденушінің назарын аударамыз:

1.Диссертацияда өзге де білім беру ұйымдарының оқыту сапасын арттырудағы оқу әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері талданып қарастырылса, диссертациялық жұмысты кең көлемде пайдалану мүмкіндігі атқан болар еді.

2.Болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындауда оқу - әдістемелік қамтамасыз етуші автор-құрастырушы мамандарды даярлау мәселесі қарастырылғанда, диссертациялық жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3. Осы ғылыми жұмыс нәтижелерін оқу-әдістемелік құрал даярлаушы мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың құқықтық мәртебесін көтеру мәселесін ұсынысқа қосу қажет болар деп есептейміз.

Дегенмен, бұл кемшіліктер зерттеу жұмысының мазмұнына, өзектілігіне нұқсан келтірмейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Кожабергенова Гаухар Есенбаевнаның «Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс деп есептеймін. Орындалған жұмысты Қазақстан Республикасы БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 талаптарына сай келетін білім беру саласында құнды болып есептелетін жұмыс деп есептеймін, оның авторын «6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті **К.Ж. Аганина**